



**УНИВЕРСИТЕТ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН
СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША
ЖАДЫНАМА**

Осы жадынама ХҚТУ қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық ұғымын, сыбайлас жемқорлық фактілерін көрсету жағдайындағы іс-қимыл тәртібін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілікті түсіндіру мақсатында әзірленді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабына сәйкес (01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (*қызметтік*) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (*мүліктік емес*) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік). Егер Сізге пара ұсынса немесе Сізден пара талап етсе!. Парақорлық сыбайлас жемқорлықтың қауіпті және көп тараған көріністерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі параға байланысты қылмыстардың үш түрін қарастырады:

- пара алу (366-б.);
- пара беру (367-б.);
- парақорлыққа делдал болу (368-б.).

Егер әңгіме пара алу туралы болса, онда пара алатын (пара алушы) және оны беретін (пара беруші) адамның бары екендігін білдіреді. Пара беруде делдал болу да мүмкін.

Пара алу — ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрсе, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алудан тұрады.

Пара беру - лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге, не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

Паракорлыққа делдалдық ету - пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға ықпал ету.

ПАРА БОЛУЫ МҮМКІН:

Заттар – ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, құнды металдан және тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-түліктер, бейнетехника және басқа да заттар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және басқа жылжымайтын мүліктер.

Қызмет көрсету және пайда – ем қабылдау, жөндеу және құрылыс жұмыстары, шипажайға және туристік жолдама, шетел сапарын төлеу, ойын-сауық және басқа шығындарды төлеу, тегін немесе кемітілген бағамен беру;

Параның жабық нысаны - қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік несие, төмен бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу арқылы жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін алымдарды көбейту, «кездейсоқ» казинодағы ұтыстар, жалдау ақысының төмендеуі, несие бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өсуі және т. б. Пара алудың өз бетінше белгілері ретінде заң шығарушы жалпы қамқорлықты немесе рұқсатты да қамтыды;

Қамқорлық пен рұқсат беру мемлекеттік қызметтің жалпыға қол жетімділігімен, яғни азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізу және өздерінің қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша ілгерілету құқығымен тең үйлеспейді;

Жалпы қамқорлыққа, атап айтқанда, лайықсыз көтермелеуге, кезектен тыс негізсіз лауазымын көтермелеуге, қажеттіліктен туындамайтын басқа да әрекеттерді жасауға байланысты іс-әрекеттер жатқызылуы мүмкін;

Рұқсат беруге, мысалы, лауазымды адамның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың қызметіндегі олқылықтар немесе бұзушылықтар үшін шаралар қолданбауы, оның заңсыз әрекеттеріне ден қоймауы жатады;

Қамқорлық немесе рұқсат беру үшін пара алу келесі шарттарда орын алады:

- 1) пара алушының пара берушінің пайдасына әрекет (әрекетсіздік) жасау немесе жасамау мүмкіндігі сақталуы тиіс;
- 2) бұл мүмкіндік осы адамдар арасындағы бақылау немесе бағыну қатынастарынан туындауы тиіс;

3) екі адам да берілетін сыйақының мағынасын білуі тиіс (сыйақы лауазымды тұлғаның тиісті мінез-құлқы үшін пара ретінде беріледі);

ПАРА АЛҒАНЫ ҮШІН КІМ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУЫ МҮМКІН?

Пара алушы деп мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы (бұдан әрі - лауазымды адам) деп танылуы мүмкін.

Пара алу (366-б.):

Лауазымды адамның өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе өзіне немесе басқа адамдарға мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе, не ол күшіне енсе, пара алуы лауазымдық жағдай мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сондай-ақ жалпы қамқорлыққа немесе рұқсат етуге ықпал етуі мүмкін - параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Елеулі мөлшерде жасалған дәл сол әрекет, сол сияқты пара алу заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) - параның 60 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Параның едәуір мөлшері ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің құны немесе мүліктік сипаттағы 50-ден 3000 АЕК-ке дейінгі пайда деп танылады. Дәл осы әрекеттер, егер олар бопсалау арқылы жасалса, не адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы не ірі мөлшерде немесе бірнеше рет жасалса, параның 70 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Параның ірі мөлшері ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны 3000-нан 10 000 АЕК-ке дейін деп танылады. Егер іс-әрекеттерді қылмыстық топ жасаса, сол сияқты аса ірі мөлшерде жасаса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 80 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 10 жылдан 15 жылға дейінгі

мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Параның аса ірі мөлшері ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің құны немесе мүліктік сипаттағы 10 000 АЕК астам пайда деп танылады;

Қылмыс болып табылмайды маңыздылығына қарай егер сыйлықтың құны 2 АЕК-тен аспаса, бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде лауазымды адамның сыйлық ретінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алғаш рет алуы және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады;

Пара беру (367-б.):

Лауазымды адамға жеке өзі немесе делдал арқылы пара беру параның 20 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Елеулі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет параның 30 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыруға жазаланады;

Адамдар тобы алдын ала сөз байласу бойынша не ірі мөлшерде немесе бірнеше рет жасаған көрсетілген іс - әрекеттер-параның 40 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Аса ірі мөлшерде немесе қылмыстық топ жасаған аталған іс-әрекеттер параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соқпайды, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластыққа негізделмеген болса, лауазымды адамға өзі бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін 2 АЕК-тен аспайтын сомада немесе құны бар сыйлықты алғаш рет беру. Пара берген адам, егер оған қатысты лауазымды адам тарапынан пара бопсалау орын алса немесе ол адам пара беру туралы құқық қорғау немесе арнаулы органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады;

Пара алуға делдал болу (368-б.):

Пара алуға делдал болу - 10 айыппұлмен жазаланады - мүлкі тәркіленіп немесе

онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыра отырып, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен не параның еселенген сомасынан айырумен. Қылмыстық топ немесе адам өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып бірнеше рет жасаған дәл осындай іс – әрекет-параның 20 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады;

Параны бопсалау туралы көрінеу жалған хабарлау Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыс ретінде қаралады және 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (419-бап). Пара тікелей «егер мәселе біздің пайдамызға шешілсе, онда сіз аласыз») және жанама түрде ұсынылуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілер (Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы):

1. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы (**01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен**)
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығы.
9. «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы.
10. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығы.
11. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 1 бұйрығы.

12. «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 18 нормативтік қаулысы.

13. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық Бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 қазандағы №7 бұйрығы.

Ескерту: НҚА-мен [www.adilet](http://www.adilet.kz), www.zan.kz сайтынан танысуға болады.



Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Комплаенс қызметі

Эл.пошта: iktu.antikor@ayu.edu.kz